

Ұйымдық-штаттық іс-шаралар материалдарын жоспарлау және дайындау, азаматтық қорғау органдарының штаттарын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 7 ақпандағы № 64 бұйрығы.

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 175-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ұйымдық-штаттық іс-шаралар материалдарын жоспарлау және дайындау, азаматтық қорғау органдарының штаттарын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Кадр саясаты департаменті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр генерал-лейтенант

Ю. Ильин

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2023 жылғы 7 ақпандағы
№ 64 бұйрығына
қосымша

Ұйымдық-штаттық іс-шаралар материалдарын жоспарлау және дайындау, азаматтық қорғау органдарының штаттарын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы ұйымдық-штаттық іс-шаралар материалдарын жоспарлау және дайындау, азаматтық қорғау органдарының штаттарын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі -

Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі - Министрлік туралы ереже) 16-тармағының 175-2) тармақшасына сәйкес әзірленген және ұйымдық-штаттық іс-шаралар материалдарын жоспарлау мен дайындау, азаматтық қорғау органдарының (бұдан әрі - АҚО) штаттарын әзірлеу жөніндегі іс-шараларын орындауды нақтылайды.

2-тарау. Ұйымдық-штаттық іс-шараларды жоспарлау

2. АҚО ұйымдық-штаттық іс-шаралар (бұдан әрі - ҰШІ) ұйымдық-штаттық құрылымды жетілдіру, бөлімшелердің жеке құраммен жасақталу сапасын жақсарту мақсатында жоспарланады.

3. ҰШІ "Министрліктердің аумақтық органдары мен оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам саны ескерілген штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысымен бекітілген Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі - ТЖМ), олардың аумақтық органдарының және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің штат санының лимиттері (бұдан әрі – ТЖМ штат санының лимиттері) шегінде қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Ұйымдық-штаттық құрылымды жетілдіру бойынша ұсыныстарды ТЖМ құрылымдық бөлімшелері, аумақтық органдары және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері өз құзыреті шегінде әзірлейді.

Ұсыныстар қызмет бағытын штаттық қамтамасыз етуді, бөлімшелер бойынша жинақталмауды, ұйымдық-штаттық шешімге байланысты күтілетін нәтижелер туралы мәліметтерді зерделеуді ескере отырып әзірленеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Басқарудың барлық деңгейлерінде сеніп тапсырылған бөлімшелердің қызметкерлері мен қызметшілеріне нақты жүктемені талдау ғылыми негізделген нормативтерге сәйкес жүргізіледі, оның негізінде олардың нормативтік штат саны айқындалады және оны қайта бөлу жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

6. ҰШІ өткізудің орындылығын талдау кезінде қаржылық тәуекелдер (лауазымның қысқаруына немесе бөлімшенің таратылуына байланысты жұмыстан босату кезінде көзделген төлемдер), кадрлық тәуекелдер (кәсіби қызметті бойынша жоғары нәтижелі кәсіби және тәжірибелі кадрлардың кадр құрамынан шығуымен байланысты), АҚО

қызметінің тиімділігін төмендету тәуекелдері (ресурстық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі) ескеріледі.

7. ҰШІ жүзеге асырудың орындылығы туралы шешімді ТЖМ басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қабылданатын басқарушылық және кадрлық шешімдердің негізділігін қамтамасыз ететін тәуекелдерді бағалау нәтижелеріне сүйене отырып қабылдайды.

8. Лауазымдардың қысқаруы мен жалпы штат санының қысқаруымен қатар жүретін АҚО ұйымдық-штаттық құрылымын оңтайландыру қажеттілігі туындаған кезде ТЖМ басшысының тиісті ҰШІ жүргізу туралы шешімнің келісімін алған күні бар бос лауазымдар басым тәртіппен қаралады.

9. АҚО ҰШІ-ды өткізу кезеңінде қысқартылатын лауазымдар немесе таратылатын бөлімшенің қызметі берілен бөлімшеге қызметке қабылдау, қысқартылатын лауазымдарды немесе таратылған бөлімшедегі лауазымдарды алмастыратын қызмет түріне сәйкес келетін лауазымдарға қабылдау тоқтатылады.

10. Штат санын қайта бөлу бойынша ҰШІ өткізуге ұсыныстарды ТЖМ кадр қызметіне ТЖМ құрылымдық бөлімшелері, аумақтық органдар және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер ағымдағы жылғы 1 қаңтардан және 1 шілдеден кешіктірілмейтін мерзімде ұсынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Келіп түскен ұсыныстар негізінде және қабылданатын немесе қолданылып жүрген заңнаманы іске асыруда ҰШІ әзірленген жағдайда ҰШІ жобалары әзірленеді және ТЖМ басшысына немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға қарауға ұсынылады.

12. Штат санының лимиттерін ұлғайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу кезінде:

1) ТЖМ мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің қызметкерлердің нақты жүктемесін, жедел жағдайдың жай-күйін және бөлімше қызметінің көрсеткіштерін ескере отырып, функционалдық талдау негізінде дайындалған негіздемелермен қосымша штат санын енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау;

2) мемлекеттік бюджетті жоспарлау саласындағы уәкілетті органдармен (бұдан әрі - ҰЭМ, Қаржымині) штат санын ұлғайтудың орындылығы мәселесін пысықтау;

3) ҰЭМ мен Қаржыминінің оң қорытындысы кезінде белгіленген тәртіппен Мемлекет басшысымен не оның өкілеттігі бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу үшін ТЖМ штат санының лимиттерін ұлғайту жөнінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне ұсыныстар дайындау және енгізу;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің не Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат санының лимиттерін ұлғайтуға келісімін алған кезде ТЖМ

бюджеттік өтініміне республикалық бюджет комиссиясының (бұдан әрі - РБК) қарауына жататын қосымша қаржылық шығыстар енгізіледі;

5) енгізілетін қосымша штат санын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру жөніндегі РБК оң қорытындысы болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының тиісті жобасын дайындау және енгізу қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Ұйымдық-штаттық іс-шаралар материалдарын дайындау

13. ҰШІ материалдарын дайындау үшін мына құжаттарды әзірленеді:

- 1) ҰШІ жүргізу туралы ұсыныстар;
- 2) штаттардағы өзгерістер тізбесі;
- 3) қаржылық-экономикалық негіздеме.

14. ҰШІ жүргізу туралы ұсыныстардың мәтіні ерікті түрде:

- 1) ҰШІ жүргізу үшін құқықтық актілерге сілтемелері;
- 2) ҰШІ жүргізудің мақсаттары мен міндеттері;
- 3) ҰШІ жүргізуден күтілетін нәтижелері;

4) енгізілетін ұсыныстардың қаржылық-экономикалық негіздемелері көрсетіле отырып жасалады.

15. ҰШІ бойынша ұсыныстарға ТЖМ құрылымдық бөлімшесінің, аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы қол қояды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Штат санын ұлғайтуды көздейтін ұйымдық-штаттық мәселелер бойынша ұсыныстар енгізу және басқарушылық шешімдер қабылдау осы Нұсқаулықтың 17-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген қызметкерлер санының нормативтеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтық актілерге сәйкес қызметкерлердің нақты жүктемесі ескеріле отырып (оның ішінде функциялар санын ұлғайта отырып) қамтамасыз етіледі.

17. ТЖМ құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штаттарын және ТЖМ құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штаттарындағы өзгерістер тізбесін әзірлеу кезінде мыналар басшылыққа алынады:

1) бөлімшенің, оның ішінде кіретін құрылымдық бөлімшелер мен жекелеген лауазымдар бойынша қызметтік жұмыстың көлемін сипаттайтын функционалдық талдау;

2) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту" туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № 16 бұйрығы және құрылымдық бөлімше туралы ереже;

3) осы Нұсқаулық;

4) Министрлік туралы ереженің 16-тармағының 71) тармақшасына сәйкес бекітілетін азаматтық қорғау органдары қызметкерлері санының нормативтері;

5) ТЖМ штат санының лимиттері;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19 мамырдағы № 643 қбпү қаулысымен бекітілген арнаулы атақтар берілетін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары, қылмыстық-атқару жүйесі, азаматтық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызметі лауазымдарының және оларға сәйкес келетін шекті арнаулы атақтардың тізбесі ;

7) Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 453 қбпү Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарындағы әскери лауазымдар мен оларға сәйкес әскери атақтар тізбесі;

8) Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1283 қбпү Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы әскери қызметшілері, арнаулы мемлекеттік органдары, құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттар бойынша тізілімі;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімі;

10) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлері лауазымдарының функционалдық блоктар бойынша сыныптамаcы;

11) ТЖМ тиісті құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру көлемі;

12) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 15 тамыздағы № 328 бұйрығымен бекітілген азаматтық қорғау органдарының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Ұйымдық-штаттық мәселелер бойынша бекітілген бұйрықтар немесе олардың үзіндісі ТЖМ мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне, аумақтық органдарға және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерге жолданады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Азаматтық қорғау органдарының штаттарын әзірлеу

19. ҰШІ бойынша бұйрықтарды дайындау мен рәсімдеу Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33339 болып тіркелген) Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. ТЖМ құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штаттары осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рәсімделеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. "Әскери немесе арнаулы атақ (персонал санаты)" бағанында штаттарға енгізілген әрбір лауазымның жолына лауазым бойынша шекті әскери немесе арнаулы атақ, басқа лауазымдар бойынша осы лауазымға жататын персонал санаты (мемлекеттік әкімшілік қызметші, азаматтық қызметші, жұмысшы персонал) жазылады.

"Лауазымдар саны" бағанында лауазымның әрбір атауы бойынша белгіленетін штат бірліктерінің саны көрсетіледі.

"Лауазым санаты" бағанында осы Ереженің 3-тарауы 18-тармағы 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген лауазымдар тізілімі мен санаттарымен бекітілген лауазымдар санаты көрсетіледі.

"Ұстау көзі" бағанында қаржыландыру көзінің қысқартылған түрде белгіленуі көрсетіледі: республикалық бюджет - РБ.

22. Әрбір құрылымдық бөлімшеден кейін оның санының қорытындысы шығарылады. Штат санының жалпы жиыны штаттардың соңында қойылады. Штат санының жалпы жиынынан кейін персонал санаты бойынша саны көрсетіледі.

23. Штаттардың барлық бағандары толтырылады. Қаржыландыру көзін қоспағанда, штаттарда қысқартуларды қолдануға және сөздерді тасымалдауға жол берілмейді.

24. ТЖМ құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штаттарындағы өзгерістер тізбесі осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, сондай-ақ осы тарауда көзелген ТЖМ құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штаттарын рәсімдеу бойынша талаптарға сәйкес рәсімделеді.

Жаңа құрылымдық бөлімше құрылған жағдайда оның атауының астында жақшада: "(қайтадан құрылады)" деп көрсетіледі.

Құрылымдық бөлімше таратылған жағдайда жақшада: "(таратылады)" деп көрсетіледі, төмендегі жол "барлық лауазымдар қысқартылады" деген жазбамен толықтырылады. Құрылымдық бөлімше қайта ұйымдастырылған кезде: "қайта ұйымдастырылады" деп көрсетіледі.

Бөлімшенің орналасқан жерінің атауы өзгерген жағдайда оның атауының астында жақшада: "(орналасқан жерінің атауы өзгертіледі)" деп көрсетіледі.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. ТЖМ құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штаттарындағы өзгерістер тізбесі осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рәсімделеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұйымдық-штаттық іс-шаралар
материалдарын
жоспарлау және дайындау, азаматтық
қорғау
органдарының штаттарын әзірлеу
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

ТЖМ құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штаттары

Ескерту. 1-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Аппараттар мен лауазымдардың атауы	Әскери немесе арнаулы атақ (персонал санаты)	Лауазымдар саны	Лауазым санаты	Ұстау көзі
(орган атауы)				
(орналасқан жері)				
Оның ішінде:				
республикалық бюджет есебінен ұсталады - соның ішінде:				
әскери қызметшілер - АҚО қызметкерлері - мемлекеттік әкімшілік қызметшілер - азаматтық қызметшілер - жұмысшы персонал -				

Ұйымдық-штаттық іс-шаралар материалдарын жоспарлау және дайындау, азаматтық қорғау органдарының штаттарын әзірлеу жөніндегі нұсқаулыққа 2-қосымша

ТЖМ құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штаттарындағы өзгерістер тізбесі

Ескерту. 2-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Аппараттар мен лауазымдардың атауы	Әскери немесе арнаулы атақ (персонал санаты)	Лауазымдар саны		Лауазым санаты	Ұстау көзі
		енгізіледі	қысқар-тылады		
(орган атауы)					

(орналасқан жері)					

Ұйымдық-штаттық іс-шаралар
материалдарын
жоспарлау және дайындау, азаматтық
қорғау
органдарының штаттарын әзірлеу
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша

ТЖМ құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штаттарындағы өзгерістер

Ескерту. 3-қосымшаның тақырыбы жана редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.10.2025 № 461 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Органдар және бөлімшеле р атауы	Штат саны		оның ішінде санаттар бойынша					
			орта және аға басшы құрам		кіші басшы құрам		әкімшілік және азаматтық қызметшілер	
	ұлғаяды	азаяды	ұлғаяды	азаяды	ұлғаяды	азаяды	ұлғаяды	азаяды
Жиыны								